ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ» КММ

BU
BAITURSYNULY UNIVERSITY

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР: ЖАҢА ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ: НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ

материалы международной
научно-практической конференции

Қостанай қ., 2026 ж.
г. Костанай, 2026 г.

УДК 37.013.75:371.3
ББК 74.04+74.202
Б 94

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы,** филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна,** PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдасты- рылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Б 94 «Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: 13 ақпандағы 2026 жылдың – Қостанай: Ахамет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026 .– 2418 б. = Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения: Материалы международной научно-практической конференции: 13 февраля 2026 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026.– 2418 с.

ISBN 978–601–356–659–7

Жинақта «Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер» атты Алтынсарин оқулары Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары бар. Бұл конференциялар «Адал Азамат» ұлттық бағдарламасын іске асырудың жалпы бағыттары мен үрдістерін анықтайды, соның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың құндылық аспектілері, жаһандық контексте ұлттық білім беру нұсқауларын қайта қарастыру және жаңартудың озық тәжірибелерін көрсету, жас ұрпақта азаматтық бірегейлік пен патриоттық құндылықтарды дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі және жасанды интеллекті заманауи білім беру процесіне жүйелі түрде енгізудің инклюзивті тәжірибелері мен әдіснамасының қысқаша мазмұны.

Конференция материалдарында Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының білім берудің құндылықтық мағыналары бойынша заманауи нұсқаулар контексіндегі өзектілігі, оқыту мен тәрбиелеудің аксиологиялық аспектілерінің ғылыми негіздері, сондай-ақ мұғалімдердің ұлттық білім берудегі заманауи қиындықтарға дайындығы мәселелері және мұғалімдердің цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, инновациялық қызметке педагогикалық құзырлығы талқыланады.

Бұл жинақтағы материалдар ғалымдар, университеттер мен колледждер профессорлары, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер мұғалімдері, білім беру саласындағы психологтары, магистранттар мен студенттер үшін қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения», определяющие общие направления и тенденции внедрения национальной программы «Адал азамат», такие, как ценностные аспекты воспитания и образования молодого поколения, демонстрация лучших практик по переосмыслению и актуализации национальных ориентиров образования в глобальном контексте, научно-методическое обоснование формирования гражданской идентичности и патриотических ценностей обучающихся, обобщение инклюзивных практик и методологии системной интеграции искусственного интеллекта в современный образовательный процесс.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отчественном образовании, к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-659-7

УДК 37.013.75:371.3
ББК 74.04+74.202

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026

Список литературы:

1. Бондаренко, И. В. Психология семьи: теория и практика. – М. :Юрайт, 2020. – 256 с.
2. Иванова, Е. П. Конструктивное общение в семье и подростковый возраст. – СПб. : Питер, 2021. – 224 с.
3. Iskakova M., Nurzhanova T., Sapargaliyeva A. Divorce in the family and its psychological impact on the adolescent // Pedagogy and Psychology. – 2020. – № 2. – С. 45–52.
4. Костромина В. Н., Колесникова Г. А. Common interests of parents and adolescents // Pedagogy and Psychology. – 2020. – № 3. – С. 60–67.

ӘОЖ 37.02

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орынбек Бақыт Аблайханқызы,
докторантураның бірінші оқу жылының білім алушысы
білім беру бағдарламасы 8D01503 География, Әл–Фараби атындағы ҚазҰУ
география пәні мұғалімі, НЗМ Алматы–Медеу
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада проблемалық оқыту (Problem–Based Learning, PBL) әдістемесінің педагогикалық негіздері мен оны география пәнінде қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. PBL оқу үдерісін дайын білімді меңгертуге емес, проблемалық жағдайды талдау арқылы жаңа білімді өз бетінше құрастыруға бағыттайтын оқушыға бағдарланған тәсіл ретінде сипатталады.Зерттеу аясында PBL–сабақтың классикалық бес кезеңі (проблеманы қою, талдау және сұрақтар құру, ізденіс пен зерттеу, талдау және түсіндіру, рефлексия және проблеманы қайта қарау) негізге алына отырып, 10–сыныпта «Су ресурстарының экологиялық проблемалары» тақырыбы бойынша сабақ үлгісі талданады. Әр кезеңнің педагогикалық функциясы, оқушылардың дербес және зерттеушілік әрекетін ұйымдастырудағы маңызы сипатталады.

Түйінді сөздер: *Проблемалық оқыту, Problem–Based Learning (PBL), оқушыға бағдарланған оқыту, сыни ойлау, зерттеушілік дағдылар, географияны оқыту.*

Аннотация

В статье рассматриваются педагогические основы метода проблемного обучения (Problem–Based Learning, PBL) и возможности его применения в преподавании географии. PBL описывается как ориентированный на учащегося подход, в котором учебный процесс направлен не на усвоение готовых знаний, а на самостоятельное конструирование нового знания через анализ проблемной ситуации. В рамках исследования анализируется пример урока для 10–го класса по теме «Экологические проблемы водных ресурсов», построенного на классической пятиэтапной структуре PBL: постановка проблемы, анализ и формулирование вопросов, поиск и исследование, осмысление и объяснение, рефлексия и возврат к проблеме. Описывается педагогическая функция каждого этапа и его значение для организации самостоятельной и исследовательской деятельности учащихся.

Ключевые слова: *проблемное обучение, Problem–Based Learning (PBL), обучение, ориентированное на ученика, критическое мышление, исследовательские навыки, преподавание географии.*

Abstract

The article examines the pedagogical foundations of the Problem–Based Learning (PBL) method and its potential applications in geography education. PBL is described as a student–centered approach in which the learning process is directed not at the acquisition of ready–made knowledge, but at the independent construction of new knowledge through the analysis of a problem situation. Within the study, a

10th–grade lesson on the topic "Ecological Problems of Water Resources" is analyzed, structured according to the classical five–stage PBL cycle: problem identification, analysis and question formulation, inquiry and research, reflection and explanation, and revisiting the problem. The pedagogical function of each stage and its significance for organizing students' independent and investigative activities are discussed.

Key words: *Problem–Based Learning, PBL, student–centered learning, critical thinking, research skills, geography education.*

Проблемалық оқыту (Problem–Based Learning, PBL) – бұл педагогикалық тәсіл, мұнда оқу процесінің бастапқы нүктесі дайын материалды түсіндіруден емес, проблемалық жағдайдан басталады. Оқушылар алдына нақты бір сұрақ немесе тапсырма қойылады, оны шешу үшін қазіргі уақытта жеткілікті білімдері жоқ болады. Бұл саналы қиындық қате немесе білімдегі олқылық ретінде қарастырылмайды; керісінше, дәл осы қиындық оқу процесін іске қосып, оның қозғаушы күші болып табылады.

Педагогикалық тәжірибе тұрғысынан PBL дәстүрлі сабақ логикасын өзгерту тәсілі ретінде қарастырылады. «Түсіндіру – бекіту – тексеру» тәртібі орнына оқу мүлде басқа траектория бойынша ұйымдастырылады: оқушылар алдымен проблеманы талдайды, оның мәнін түсінуге тырысады, сұрақтар қояды, және тек сол кезде жаңа білім іздеудің қажеттілігіне келеді. Бұл процесс барысында маңыздысы – жауапты тез алу емес, керісінше мағынаны біртіндеп ашу, болжамдар жасау және идеяларды тексеру болып табылады.

Соңында білім хабарланған ақпарат ретінде емес, оқушылардың өздерінің саналы танымдық әрекеттерінің нәтижесі ретінде қалыптасады [1, б. 8].

Көптеген қазіргі заманғы оқыту әдістері сияқты, бұл тәсілде де мұғалімнің рөлі маңызды, алайда оның негізгі функциясы өз пікірін жеткізу емес, керісінше оқушыларды зерттеу процесінде бағыттау және қолдау болып табылады. Мұғалімнің басты міндеті – оқушыларды ынталандыру, қажетті бағытта сұрақтар қою және шешілуі тиіс жағдайларды сипаттау. Сол арқылы оқу процесінде қарастырылатын мәселелер пәнге қатысты мағыналы және күрделі болуы қажет.

Проблеманы шешу барысында оқушылар салыстырмалы түрде тәуелсіз және дербес жұмыс істейді. Мұғалім оларға өз көзқарасын ешқандай түрде тікелей немесе жанама түрде таңуға тиісті емес. Сондай–ақ, ол олардың ойлау мен әрекет дағдыларын бағалауға міндетті емес. Оның негізгі міндеті – оқушылардың проблеманы шешу барысында игерген білімдері олардың тәжірибесімен сәйкес келетініне көз жеткізу.Осылайша, проблемалық оқыту стратегиясы оқушыларға жаңа білімді терең түсініп, есте сақтауға және жүйелеуге мүмкіндік береді [2, б. 116].

И. М. Осмоловская бойынша дифференциация деңгейлерін қарастыруда проблемалық оқыту әдісін күрделіліктің «С» деңгейі ретінде көрсетеді және оны «шығармашылық деңгейі» деп атайды. «С» шығармашылық деңгейінің міндетін білімді кеңейту және тереңдету, білімді дәстүрлі емес жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыру, сондай–ақ ғылыми–танымдық әдебиетпен тәуелсіз жұмыс істей алу қабілетін дамыту деп көрсетеді [3].

C. Bulut Ates және H. Aktamis өз мақаласында қазіргі заманғы үздіксіз дамып отырған әлеммен қатар ілесу үшін технологиялардың қарқынды дамуы және әртүрлі салаларда инновациялық өнімдердің пайда болуы адам шығармашылығын барлық салада дамыту қажеттігін айқындай түскенін және сыни ойлауды, бірлескен жұмысты және шығармашылық проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға проблемалық оқыту әдісінің ықпал ететін, білім беру мазмұнына кіріктірудің маңыздылығы атап өтеді. Проблемалық бағытталған оқыту сыни ойлауды сызықтық тәртіппен емес,

циклдік процесс ретінде дамыта отырып ұйымдастырылады, мұнда оқушылардың ойлау қабілеті оқу проблемасына үнемі оралу арқылы жетіледі. Дәстүрлі сабақтан айырмашылығы, мұнда оқыту түсіндіруден бекітуге қарай қозғалыс жасамай, проблеманы терең түсінуге бағытталады [4].

Классикалық PBL–сабақ циклінде әдетте бес негізгі кезеңді бөледі. Бұл кезеңдер проблемалық бағытталған оқытудың логикасын, яғни оны жеке әдістер жиынтығы емес, тұтас процесс ретінде көрсетеді. Әрбір кезең өз алдына педагогикалық функцияны атқарады.

1–кезең – проблеманы анықтау;

2–кезең – проблеманыталдаужәнесұрақтарқұру;

3–кезең – ізденіс және зерттеу;

4–кезең –талдау және түсіндіру;

5–кезең – рефлексияжәнепроблеманықайтақарау [1, б. 12].

Осы кезеңдер негізінде құрастырылған 10–сыныптағы сабақ барысын талдауға болады.

Тақырыбы: Су ресурстарының экологиялық проблемалары.

Оқу мақсаты: 10.3.3.4. Қазақстандағы су проблемаларын жіктейді және шешу жолдарын ұсынады (Қазақстанның ішкі суының экологиялық проблемалары, трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі, ауыз су).

1. Проблеманы анықтау. Оқыту түсіндіруден басталмай, танымдық қиын–дықтан басталады. Проблема оқушылардың бұрыннан білетіндері мен түсінуі қажет нәрселер арасындағы интеллектуалдық «алшақтықты» тудырады. Бұл кезеңсіз PBL мотивациялық негізін жоғалтып, тақырыпты қарапайым түрде оқу процесіне айналады. Ұсынылатын нұсқалар:

– Неліктен Қазақстанның түрлі аймақтарында су ресурстарын қолдану бағыттары әркелкі?

– Неліктен Каспий теңізінің мәртебесіне қатысты туындаған проблеманы шешуге ұзақ уақыт жұмсалды?

– Балқаш көлінің экологиялық проблемасы тек ластанумен байланысты емес деген тұжырыммен қаншалықты келісесің?

– Неліктен Аралдың бастапқы көлемін қайтару мүмкін емес деп саналады?

2. Проблеманы талдау және сұрақтар құру. Осы кезеңде оқушылар проблеманы талдайды, шарттарды нақтылайды, қайшылықтарды анықтайды және сұрақтар қалыптастырады. Бұл жерде негізгі өзгеріс пайда болады: оқушылар «түсіндірмені алу» позициясынан «нақты нені анықтау/зерттеу керегін түсіну» позициясына өтеді. Бұл кезең одан әрі жүргізілетін жұмысты бағыттайтын сұрақтарды тұжырымдаумен байланысты. Бұл сұрақтар оқу–зерттеу үдерісінің өзіндік «компасы» қызметін атқарып, дербес әрекетті жүйелеуге және ақпаратты ретсіз жинаудан сақтануға мүмкіндік береді. Оқушылар деректерді талдауды, оларды салыстыруды және әртүрлі дереккөздерге жүгінуді талап ететін сұрақтар қоюға үйренеді. Мысалы, келесідей нұсқалар болуы мүмкін:

– Қазақстанның шығысында (аймақ немесе нақты облыс таңдалуы мүмкін) ішкі сулардың қолдану аясы өзендердің ластану деңгейіне қалай әсер етті?

– 2024 жылдың көктемінде Қазақстанның батысында орын алған су тасқынына әсер еткен факторлардың басқа өңірлермен салыстырғанда айырмашылығы неде?

– Қазақстанда қандай трансшекаралық өзендердің проблемасы аса өзекті болуда? Неліктен?

– Каспий теңізінің биоресурстарын өндіруге қарағанда минералды–ресурстық потенциалын игеруге қызығушылық неліктен жоғарырақ?

3. Ізденіс және зерттеу. Оқушылар құрған сұрақтар ақпаратты өз бетімен іздеу, бақылау, тәжірибе жүргізу немесе дереккөздерді талдау үшін негіз болады. Бұл кезең зерттеушілік ойлауды дамытып, белгісіздік жағдайында жұмыс жасау тәжірибесін қалыптастырады.Ақпаратты іздеу және талдау үдерісінде оқушылар релевантты мәліметтерді іріктейді, фактілерді салыстырады, болжамдарын тексереді және өз түсініктерін нақтылау мақсатында бастапқы проблемаға қайта оралады. Бұл ретте PBL аясында табылған ақпараттың көлемі емес, оның проблема контексінде саналы әрі мақсатты түрде қолданылуы басты құндылық болып табылады. Осы кезеңде мұғалімнің басты функциясы – Л.Выготский ұсынған «жақын арадағы даму аймағы» рөлінде болу. Жақын арадағы даму аймағы – баланың зияткерлік іс–әрекетінің басталу нүктесі болып табылады. Бұл жағдайда мұғалім оқушыға тапсырма береді, әдістемелік нұсқаулар ұсынады, ізденіске бағыттайды және зерттеу бағдарламасын айқындайды. Жақын арадағы даму аймағындағы мұғалім жұмы–сының тиімділігінің негізгі көрсеткіші – қажетті сәтте тәлімгерлік қолдау ала отырып, әрбір оқушының дербестігін сақтауы.Дамыта оқыту үдерісінде мұғалім міндетті түрде жақын даму аймағында жұмыс істеуі тиіс. Ол ақпарат көзі ғана емес, ынталандырушы рөлін атқарады, оқушының жетістіктері мен кемшіліктеріне назар аударады, себебі әрбір оқушының өзіндік «жақын арадағы даму аймағы» бар және оны бірізді, ортақ тәсілмен дамыту мүмкін емес.Талдау – бұл бірлескен ізденіс үдерісі. Осы үдеріс барысында мұғалім әрбір оқушының оқу іс–әрекетінің жай–күйін, оның ойлау бағытын бақылауға мүмкіндік алады [5, б. 106].

4. Талдау және түсіндіру. Алынған мәліметтер талқыланып, салыстырылып, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға байланысты түсіндіру ретінде жүйеленеді. Маңыздысы, түсіндіру мұғалім тарапынан берілмей, оқушылардың өз ойлау процесінен шығарылады, кейін ғана нақтыланып, құрылымдандырылады. Нәтиже–лерді топ ішінде талқылау ықтимал шешімдерді тұжырымдауға көшуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңде назар «дұрыс жауапты» іздеуден қорытындыларды дәлелдеу мен негіздеуге ауысады. Оқушылар өз ой қорыту логикасын түсіндіруге, жасалған тұжырымдарды проблеманың бастапқы шарттарымен сәйкестендіруге және баламалы көзқарастарды ескеруге үйренеді. Әсіресе осы кезеңде оқушылар туындаған проблеманы шешу жолдарын ұсыну бойынша талқылау жүргізеді.

5. Рефлексия және проблеманы қайта қарау. PBL циклі міндетті түрде бастапқы проблеманы қайта қараумен аяқталады. Оқушылар бағалайды:

– түсініктері қалай өзгерді;

– қандай идеялар дұрыс болды;

– қандай сұрақтар әлі ашық қалды.

Бұл кезең проблеманы шешу тәжірибесін саналы оқу нәтижесіне айнал–дырады. Алгоритмнің қорытынды элементі ретінде алынған тұжырымдарды ұсыну және орындалған жұмысқа рефлексия жасау қарастырылады. Бұл кезеңде тек қабылданған шешімдердің мазмұны ғана емес, сонымен қатар бүкіл үдерістің өзі талданады: қандай стратегиялар тиімді болды, қандай тұстарда қиындықтар туындады, нені басқаша орындауға болар еді. Мұндай рефлексия атқарылған жұмысты саналы оқу тәжірибесіне айналдырып, проблеманы түсінудің жаңа деңгейінде қайта қарауға негіз қалайды [1, б. 16].

Қорыта келгенде,PBL педагогикалық практика тұрғысынан алғанда, сабақтың дәстүрлі логикасын өзгертудің тиімді тәсілі ретінде қарастыруға болады. Яғни

тұрақты бірізділіктің орнына оқыту өзге траектория бойынша ұйымдастырылады: алдымен оқушылар проблеманы талдайды, оның мәнін ұғынуға талпынады, сұрақтар тұжырымдайды, тек содан кейін ғана жаңа білімді іздеудің қажеттілігіне келеді. Бұл үдерісте жауапты тез алу емес, мағынаны біртіндеп айқындау, болжамдар ұсыну және идеяларды тексеру басты мәнге ие. Нәтижесінде білім дайын күйінде берілген ақпарат ретінде емес, оқушылардың өз танымдық іс–әрекетінің саналы нәтижесі ретінде қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және оқу дағдыларын қалыптастыруға бағдарланған қазіргі білім беру жағдайында PBL ерекше маңызға ие болуда. Проблемалық бағытталған оқытуды меңгеру барысында мұғалім тек оқу мазмұнын жеткізуші ғана емес, білім беру үдерісіндегі өзгерістердің белсенді қатысушысына айналады. Проблемалық бағытталған оқыту – бұл әдістер жиынтығы немесе сабақтың әмбебап сценарийі емес. Осы тұрғыдан алғанда, PBL оқушылардың дамуына ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби тұрақтылығын, рефлексиялық қабілетін және өзгермелі білім беру контексінде жұмыс істеуге дайын болуын қолдайтын тиімді құрал ретінде көрінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Проблемно–ориентированное обучение (PBL): теория и практика в школьном образовании: методическое пособие. – Астана, Корпоративный Фонд «Caravan of Knowledge», 2025 – 67 с.
2. Тренды современного образования – Алматы: ТОО «Bilim Media Group», 2017 – 326 с.
3. Осмоловская И. М. Организация дифференцированного обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Изд–во Институт практической психологии. – Воронеж: Изд–во НПО «МОДЭК», 1998. –160 с.
4. BulutAtes C., Aktamis H. Investigating the effects of creative educational modules blended with Cognitive Research Trust (CoRT) techniques and Problem Based Learning (PBL) on students' scientific creativity skills and perceptions in science education. ThinkingSkillsandCreativity. Volume 51, March 2024, 101471
5. Тлеулиева Ш. А. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИВАЮЩЕГО ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН. Торайғыров университетінің Хабаршысы, ISSN 2710–2661 Педагогикалық сериясы № 1. 2024

УДК 373.24

РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА НА ОСНОВЕ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ

Отениязова Палзада Есбосыновна,
старший преподаватель кафедры дошкольное образование
Нукусского государственного педагогического института имени Ажинияза
г.Нукус,Узбекистан

Аннотация

В статье рассматривается роль художественной литературы и народной педагогики как фундаментальных инструментов развития речи и формирования личности детей дошкольного возраста. Автор акцентирует внимание на лингвокультурологическом аспекте, исследуя специфику обучения русскому языку в дошкольных учреждениях Республики Узбекистан.В работе сопоставляются образовательные системы России и Узбекистана, анализируется нормативно–правовая база (в частности, Концепция развития системы народного образования РУз до 2030 года) и обосновывается необходимость использования литературных текстов для освоения русского языка как средства межнационального общения.

ҒЫЛЫМ, ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПРАКТИКА: БІЛІМ БЕРУДІ ТҰРАҚТЫ ДАМЫТУ ҮШІН ИНТЕГРАЦИЯ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ
1 СЕКЦИЯ

НАУКА, ПЕДАГОГИКА И ПРАКТИКА: ИНТЕГРАЦИЯ ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Абдуахитова Лена Абдигалимовна Казиева Улжан Исаевна	*Бастауыш сыныпта STEM – элементтерін қолдану: пәнаралық байланысты нығайту жолдары*	23
Abdykhanov Ualikhan Kibraevich, Latyshev Oleg Yurievich	*The object of Rollan Seisenbaev's image: the consequences of violating inviolable moral principles in the sphere of education*	26
Абдуллаева Гунай Имран–кызы, Смаглий Татьяна Ивановна	*Влияние временной компетентности студентов на предупреждение самосаботажа учебной деятельности*	33
Абсатова Мейрамкул Бакираевна, Қайратқызы – Жұпаргүл	*Оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларынқазақ тілі сабағында дамыту*	38
Абуова Құралай Бәкірқызы	*8, 10– сынып (т2) орыс тобындағы оқушылардың тапсырмаларында көркемдік тәсілдерді орынды қолдануын қалай жетілдіруге болады?*	45
Агеева Анастасия Анатольевна, Грищенко Валерия Валерьевна	*Формирование казахско–русского билингвизма у дошкольников в условиях дошкольной организации*	52
Агеева Анастасия Анатольевна, Ротман Виктория Андреевна	*Формирование социально–эмоциональных компетенций дошкольников средствами художественной литературы*	58
Айсина Сулушаш Темиртаевна	*Эффективные технологии и методы организации музыкально – исполнительской деятельности учащихся в процессе музыкального образования*	62
Aituganova Kundyz Kadirkulovna, Eskazinova Zhanar Amantaevna	*Peer assessment in modeling foreign language writing instruction*	68
Акимбеков Абай Абдалиұлы	*7–9 алгебра курсында екі айнымалысы бар теңдеулерді және олардың жүйелерін шешуді үйрету*	74

1 СЕКЦИЯ

Аксамбаева Ассель Манатовна	*Коммуникативные стратегии как фактор повышения эффективности иноязычного общения студентов*	80
Алдиярова Айгерим Сергазыевна, Калаков Берген Абитович	*STEM – білім берудегі цифрлық құралдар сыни ойлауды дамыту құралы ретінде*	85
Алиева Дидар Алиаскаровна	*Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен оқылымдағдысын дамытудағы «Сөздер сырына саяхат: оқылым әлемі» авторлық бағдарламасының тиімділігі*	89
Аликин Марк Игоревич, Лукьянченко Наталья Владимировна	*Каузальная атрибуция успешности спортивной деятельности подростков–единоборцев с разными показателями тревожности*	93
Аметова Алмагул Женисовна	*Оқылым дағдысын меңгерту жолдары*	97
Аннаева Айболек Гарягдыевна	*Steam–проект: «Виртуальная физическая лаборатория»*	101
Ансаганов Бекзат Сейтжанович, Демисенова Шнар Сапаровна	*Развитие социального интеллекта будущих педагогов как условие их самореализации*	105
Апрелова Оксана Александровна	*Интернет и QR – технологии в развитии читательской грамотности младшего школьника*	110
Аргимбаева Жансая Маратовна, Шалгимбекова Кенжегуль Сапышевна	*Вокалотерапия как инструмент психологической поддержки школьников в процессе адаптации к среднему звену*	114
Арыстангалиева Венера Талгатовна, Стамбекова Асель Серкебаевна	*Бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын дамыту*	120
Асанова Асель Бегежановна, Бермухамбетова Асель Атымтаевна	*Инновационные методы формирования дискурсивной компетентности студентов педагогического вуза*	126
Аспанова Гульмира Рамазановна, Бейсебаева Шырынкул Сарсенкуловна	*Студенттердің кәсіби өз–өзін анықтау факторлары*	132
Аспанова Гульмира Рамазановна, Хамит Сая Сәбибекқызы	*Студенттердің soft skills дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары*	137

1 СЕКЦИЯ

Аубакирова Юлия Доскановна, Кирасир Елена Макаровна	*Игровые методы в системе преподавания русского языка*	143
Аушев Спартак Тимурович, Магун Татьяна Ярославовна	*Студенческий киберспортивный клуб как средство социализации и вовлечения студентов в университетскую среду*	147
Ахметжанова Мейрамгуль Азаматовна	*Болашақ мұғалімнің қалыптасу шарты ретінде кәсіби өзін–өзі білім арқылы дамыту*	150
Ахметова Айымкүл Қадірбайқызы, Таубалдиева Жұматай	*Ы. Алтынсариннің музыкалық білім беруге қосқан үлесі*	156
Ахметчина Гайни Гизатовна, Утегенова Бибикуль Мазановна	*Социально–коммуникативная компетентность подростков как фактор формирования безопасной образовательной среды*	161
Аширбек Айгул Максетбайқызы	*«Space and earth» бөлімі аясында 7–сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі сөздік қорын дамыту*	166
Әзім Айгерім Бахтиярқызы, Сламбекова Толкын Сламкуловна	*Студенттердің академиялық адалдығын өзіндік жұмыс негізінде қалыптастыру*	170
Баданова Гульмира Мирашкызы	*Формирование математической грамотности младших школьников через практико–ориентировочные задания в рамках методичесокого пособия «Математический компас Казахстана»*	176
Baetova Elvira Muratovna, Ashirhanova Karlygash Mashtayevna	*Development of independent foreign language learning skills among students majoring in psychology and pedagogy*	179
Базарова Мадина Жомартовна, Алибеккызы Карлыгаш	*Информационные и онтологические модели повышения квалификации преподавателей в STEM–ориентированном образовании*	185
Baydullaeva Amina Meyrbekovna, Snabekova Marita Murzabekovna	*The impact of memes, emojis, and influencers on learning the english language*	190
Байкадамова Асель Серикказыевна, Скендирова Гулбейне Айтбаевна	*Әдебиеттегі иллюстрация: мұғалімдерге арналған әдістер мен тәжірибелер*	193

1 СЕКЦИЯ

Байкенже Нұргүл Қаржаубайқызы, Беркимбаев Камалбек Мейрбекович	*Болашақ педагогтардың эмоционалдық интеллектін дамытумәселелері мен зерттелінуі*	198
Байкулова Айгерим Мейрхановна, Абдрахманова Роза Султангалиевна	*Болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру*	204
Байкулова Айгерим Мейрхановна, Баймурзина Қарлығаш Нұрланқызы	*Студенттердің кәсіби мотивациясын оқудан тыс іс–әрекет барысында дамыту*	209
Байкулова Айгерим Мейрхановна, Сембіғұл Назира Әділханқызы	*Болашақ педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін білім беру кеңістігінде қалыптастыру жолдары*	213
Балтабаев Умирбек Алмаханбетович	*Математика сабағында визуалды «бағдарлама–тренажерді» қолдану арқылы оқушылардың математикалық ойлауын дамыту*	217
Балтабаева Гүлсара Калиакбаровна, Әмір Гүлбадан Сейілханқызы	*Тізбектер және прогрессия» тақырыбын оқыту әдістемесі*	222
Балтабаева Гульсара Калиакбаровна, Байкадамова Асель Серикказыевна	*Мектептің қаржы менеджменті жүйесі: тиімді басқарудың негізгі ұстанымдары*	227
Басенова Айдана Куандыковна, Байжанова Сауле Аскарбековна	*Использование LEGO–робототехники как средства развития речи детей старшего дошкольного возраста*	233
Баянғали Шұғыла Бейбітқызы, Тапалова Анипа Сейдалиевна	*Химия –педагогикалық білім берудегі жасыл химиялық интеграция*	236
Бәкіш Әйгерім Қанатқызы	*Когнитивное развитие у учеников начальных классов*	240
Бейсембаева Айым Асылбековна, Каратаева Татьяна Олеговна	*Воздействие цифровой коммуникации на эмоциональный интеллект студенческой молодежи*	244
Бекбаева Жанар Сабыровна, Казакова Анастасия Викторовна	*Геймификация образовательного процесса как инструмент повышения учебной мотивации обучающихся*	250
Бекенова Индира Конысбековна	*Педагог–психологтың психологиялық мәдениеті мәселесі*	256

1 СЕКЦИЯ

Бекмурзина Жанар Инбергеновна, Ормамбекова Асель Кайратовна	*Қазақ тілі мен ағылшын сабағында проблемалық оқыту арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту*	260
Бексултанова Раушан Каиржановна	*Болашақ педагогтардың этикалық–деонтологиялық мәдениетін дамыту*	264
Бойко Павел Николаевич	*Баскетбол 3х3 как эффективное средство развития технических и тактических навыков у учащихся*	268
Боков Виталий Витальевич, Беденко Екатерина Фёдоровна	*Влияние альтернативных вариантов к казахским национальным играм на духовно–нравственное воспитание в школах с русским языком обучения*	272
Болбас Галина Владимировна	*Трансформация идей природосообразного воспитания в условиях цифровизации образования*	277
Борисова Ирина Александровна, Уалжанова Раушан Амантаевна	*Развитие словарного запаса и орфографической зоркости у учащихся младших классов*	281
Ващенко Елена Валерьевна, Смаглий Татьяна Ивановна	*Развитие эмоциональной устойчивости интеллектуально одаренных обучающихся в практике специализированной школы*	287
Verbytskyi Sergii Borysovych, Poshtarenko Anna Vitaliivna	*Implementation of current technical and technological innovations in the training of postgraduate and doctoral students of food and biotechnological profile*	290
Владыкина Екатерина Викторовна, Демисенова Шнар Сапаровна	*Осознанный выбор образовательного профиля в подростковом возрасте*	294
Власов Вадим Сергеевич	*Критерии сформированности мотивации у учителей иностранного языка*	300
Вовненко Анна Александровна	*Эффективность психолого–педагогического сопровождения профессионального самоопределения подростков в условиях общеобразовательной организации*	303
Вуец Людмила Владимировна	*Современные направления применения образовательных технологий в контексте формирмирования компетенций*	307

Габдрашит Алимхан Бакытулы, Демисенова Шнар Сапаровна	*Социально–психологические детерминанты представлений об успехе у подростков*	311
Габдуллина Гульмира Негматовна, Алдамбергенова Карлыгаш Токбаевна	*Білім беру ұйымдарында чек–парақтарды қолдану: басқарушылық және педагогикалық қызметті интеграциялау тәжірибесі*	316
Гаджиева Лариса Владимировна	*Интеграция математики, цифровых технологий и исследовательского обучения как инструмент устойчивого развития образования*	321
Генрих Юрий Сергеевич	*Рейтинговая оценка деятельности педагогов организации образования*	325
Герасимова Вера Вадимовна, Бадриева Рина Ринадовна	*Универсальные практики межведомственной интеграции в условиях профильного образования*	330
Грынькив Ирина Алексеевна	*Исследование влияния различных методов оценивания на мотивацию учащихся к изучению физики в реализуемом подходе ACTION RECEARCH*	336
Дандыбаева Гульфия Тулегеновна, Годова Мария Владимировна	*Проектирование рабочего учебного плана как инструмент внедрения STEAM–подхода в современной школе*	342
Даумова Батима Бексултановна	*Роль директора как наставника и его влияние на развитие педагогического коллектива*	345
Девочко Виктория Владимировна	*Внедрение диалоговых тренажёров в сервисе COREAPP в учебный процесс: новые горизонты интерактивного обучения*	348
Декембаева Нуржамал Калиевна	*Бастауыш мектепте оқытуда нарративті тәсілді қолданудың артықшылықтары*	351
